



KEREK DEREK

Осы жылдың қантар-қыркүйек айларында құрылыс жұмыстарының көлемі 14,9 пайызға артып, 6 441,3 млрд. теңгені құрады. Өсім елдің 17 өңірінде тіркелді. Елеулі өсім Астана (41,8%) және Алматы қалаларында (37,7%), сондай-ақ Солтүстік Қазақстан (27,3%), Ақмола (26,4%), Түркістан (25,5%), Қостанай (23,5%), Павлодар (23%) және Алматы (21,1%) облыстарында байқалды.

Үкіметте

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТАТЫН ШАРАЛАР

Премьер-министр Үкімет мүшелері, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының қатысуымен Президенттің азамат мүддесі үшін экономикалық реформа бағдарламасын жүзеге асыруды ретке келтіру жөніндегі тапсырмасын орындау мәселесі бойынша кеңес өткізді.

Жиын қорытындысы бойынша бірқатар шешім қабылданды. Бірінші, бүгіннен бастап инфляция деңгейі тұрақтанғанға дейін АИ-92 маркалы бензин мен дизель отыны бағасын одан әрі көтеруге мораторий енгізіледі. Премьер-министр Энергетика министрлігіне Бәсекелестікті қорғау

және дамыту агенттігімен және өңір әкімдіктерімен бірге тиісті қадағалау жүргізуді, сондай-ақ ішкі нарықты ЖЖМ-мен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауды тапсырды.

(Жалғасы 2-бетте)

Жәрмеңке



ҚҰС СҮТІНЕН БАСҚАНЫҢ БӘРІ БАР

Астана қаласында еліміздің барлық өңірлерінің ауыл шаруашылығы тауарларының жәрмеңкесін өткізу, сол арқылы отандық өнімдердің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үрдісі бірнеше жылдан бері жалғасып келеді. Арнайы жасалған кестеге сәйкес өңірлер биыл да астаналықтарды өздерінің нарық бағасына қарағанда арзан әрі сапалы өнімдерімен қуантуда. Биылғы жәрмеңкелер тамыз айының соңында басталып, Республика күні өз мәресіне жетпек.

(Жалғасы 3-бетте)

Оқырман сауалына – jedel jauap



БАНКТЕР ИПОТЕКА БЕРУДІ НЕГЕ ТОҚТАТТЫ?

Петропавл қаласының тұрғыны Бағдат Шұғаева редакцияға жолдаған сауалында көпшіліктің көкейінде жүрген мәселені қозғаған екен. Ол облыс орталығында орналасқан екінші деңгейлі банктердің бірінен ипотека ресімдеуге барғанын, алайда ондағылар өтінімді қабылдаудан бас тартқанын айтты. Мән-жайды «Халық банкі» АҚ жергілікті филиалының бөлім жетекшісі Жанна Турлина түсіндірді.

(Жалғасы 3-бетте)

Бәрекелді!



Мәдени шараға еліміздің 13 театры қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Талғампаз көрерменге «Мөлдір махаббат» драмалық қойылымын ұсынған Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры бас жүлдені жеңіп алды. – Сәбең театры – жас актерлердің ұс-

таханасына айналған мәдениет ошағы. Актерлер «Мөлдір махаббатты» өте жоғары деңгейде сахналады. Өнер адамдары: «Нағыз режиссура – мазмұн мен форманың үйлескен сәті» деген сөзді жиі айтты. Шеберлік пен ішкі түйсіктің үйлескен сәтін осы спектакльден көрдім.

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТРИУМФ

Түркістан қаласында Қазақстанның халық әртісі, опера әншісі, режиссер, көрнекті театр және кино актері Құрманбек Жандарбековтің 120 жылдығына арналған «Қазақтың Құрманбегі» атты I республикалық театрлар фестивалі өтті.

Асылхан Рәзиев пен Дүйсехан Қасымның өнеріне тәнті болғанымды баса айтқым келеді. Кез келген детальдан көркем дүние шығара алған режиссердің талғамына дән ризамын, – деді қазылар алқасының мүшесі, театртанушы, профессор, Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің мүшесі Меруерт Жақсылыкова.

Екі жастың махаббатын арқау еткен көркем туынды Айдар Заббаровтың режиссерлігімен сахналанып, жазушының мерейтойы қарсаңында көрермендерге

жол тартқан болатын.

Аталмыш фестивальге «Шокан. Монолог шепотом» спектаклімен қатысқан Н.Погодин атындағы облыстық орыс драма театры да жүлделі қайтты. Баатырбек Шамбетовтың режиссерлігімен сахналанған қойылымда Шокан рөлін сомдаған театр әртісі Константин Демидов «Ең үздік ер адам бейнесі» аталымында жеңімпаз атанды.

Самрат ҚҰСКЕНОВ,
«Soltüstik Qazaqstan».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы «2025-2026 жылдары МНПП желілік бөлігіндегі ақауларды жөндеу. Қорған МБ (Қазақстан Республикасы) Күрделі жөндеу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін жұртшылыққа хабарлайды. Учаскенің координаттары 54.920206 с.е., 68.893529 ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 25 қараша күні сағат 10:00-де мына мекенжайда өтеді: Бескел ауылы, Гагарин көшесі, 10, аудандық Мәдениет үйі. Сондай-ақ конференцияға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ZOOM платформасына қосылуға болады: <https://us05web.zoom.us/j/87142877750?pwd=Ple5frVafaISIfstCm5uIVKsSKdVKg.1>, конференция идентификаторы: 87142877750, кіру коды: A8pkcL.

Жобаға тапсырыс беруші: «Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы (Петропавл қаласы, Тимирязев көшесі, 25, БСН: 970941001988, тел.: 50-90-22).

Жобаны жасаушы: «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» ЖШС (Петропавл қаласы, Горький көшесі, 166, БСН: 110940000580, тел.: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Жобаның материалдары <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (ашық жиналыстар) сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57В, «СҚО әкімдігінің табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Қосымша ақпаратты 850828@mail.ru электрондық поштасы және 87152502525 телефоны арқылы алуға болады.

«Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы «2025-2026 жылдары МНПП желілік бөлігіндегі ақауларды жөндеу. Қорған МБ (Қазақстан Республикасы) Күрделі жөндеу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін жұртшылыққа хабарлайды. Учаскенің координаттары 54.940904 с.е., 70.783893 ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 24 қараша күні сағат 11:00-де мына мекенжайда өтеді: Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, қалалық әкімдік ғимараты. Сондай-ақ конференцияға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ZOOM платформасына қосылуға болады: <https://us05web.zoom.us/j/81026882385?pwd=EjFqdCYM4mYSdjZgzflglLCmOS0cNN.1>, конференция идентификаторы: 81026882385, кіру коды: T5t3A0.

Жобаға тапсырыс беруші: «Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы (Петропавл қаласы, Тимирязев көшесі, 25, БСН: 970941001988, тел.: 50-90-22).

Жобаны жасаушы: «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» ЖШС (Петропавл қаласы, Горький көшесі, 166, БСН: 110940000580, тел.: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Жобаның материалдары <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (ашық жиналыстар) сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57В, «СҚО әкімдігінің табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Қосымша ақпаратты 850828@mail.ru электрондық поштасы және 87152502525 телефоны арқылы алуға болады.

«Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы «2025-2026 жылдары МНПП желілік бөлігіндегі ақауларды жөндеу. Қор-

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЛПДС «Петропавловск» филиал АО «Транснефть-Урал» информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Устранение дефектов на линейной части МНПП в 2025-2026 гг. Курганское НУ (Республика Казахстан). Капитальный ремонт». Координаты участка 54.920206 с.ш., 68.893529 в.д.

Место и время проведения общественных слушаний: а. Бескель, ул. Гагарина, 10, районный Дом культуры, 25.11.2025 г, в 10:00 ч. Также для участия в конференции можно подключиться по ссылке на платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/87142877750?pwd=Ple5frVafaISIfstCm5uIVKsSKdVKg.1>, идентификатор конференции: 87142877750, код доступа: A8pkcL.

Заказчик проекта: ЛПДС «Петропавловск» филиал АО «Транснефть-Урал» (г. Петропавловск, ул. Тимирязева, 25 БИН: 970941-001988, тел.: 50-90-22).

Разработчик проекта: ТОО «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» (г. Петропавловск, ул. Горького, 166. БИН: 110940000580 Тел: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Материалы проекта размещены на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (Открытые собрания) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> (раздел «Общественные слушания»).

Замечания и предложения принимаются по адресу: г. Петропавловск, ул. Парковая, 57В, КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО». Тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по e-mail: 850828@mail.ru и по телефону 87152502525.

ЛПДС «Петропавловск» филиал АО «Транснефть-Урал» информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Устранение дефектов на линейной части МНПП в 2025-2026 гг. Курганское НУ (Республика Казахстан). Капитальный ремонт». Координаты участка 54.940904 с.ш., 70.783893 в.д.

Место и время проведения общественных слушаний: г. Булаево, ул. Пушкина, 14, здание городского акимата, 24.11.2025 г, в 11:00 ч. Также для участия в конференции можно подключиться по ссылке на платформе ZOOM: <https://us05web.zoom.us/j/81026882385?pwd=EjFqdCYM4mYSdjZgzflglLCmOS0cNN.1>, идентификатор конференции: 81026882385, код доступа: T5t3A0.

Заказчик проекта: ЛПДС «Петропавловск» филиал АО «Транснефть-Урал» (г. Петропавловск, ул. Тимирязева, 25 БИН: 970941001988 Тел: 50-90-22).

Разработчик проекта: ТОО «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» (г. Петропавловск, ул. Горького, 166. БИН: 110940000580 Тел: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Материалы проекта размещены на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (Открытые собрания) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> (раздел «Общественные слушания»).

Замечания и предложения принимаются по адресу: г. Петропавловск, ул. Парковая, 57В, КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО». Тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по e-mail: 850828@mail.ru и по телефону 87152502525.

ЛПДС «Петропавловск» филиал АО «Транснефть-Урал» инфор-

ған МБ (Қазақстан Республикасы) Күрделі жөндеу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін жұртшылыққа хабарлайды. Учаскенің координаттары 54.971070 с.е., 68.442875 ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 24 қараша күні сағат 15:00-де мына мекенжайда өтеді: Мамлютқа қаласы, С.Мұқанов көшесі, 10а, «Аманат» партиясының ғимараты. Сондай-ақ конференцияға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ZOOM платформасына қосылуға болады: <https://us05web.zoom.us/j/82813499323?pwd=XEWi2a02rrQZzYUzi0Mx8aNfwoLZt.1>, конференция идентификаторы: 8281 3499323, кіру коды: Te0N7S.

Жобаға тапсырыс беруші: «Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы (Петропавл қаласы, Тимирязев көшесі, 25, БСН: 970941001988, тел.: 50-90-22).

Жобаны жасаушы: «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» ЖШС (Петропавл қаласы, Горький көшесі, 166, БСН: 110940000580, тел.: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Жобаның материалдары <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (ашық жиналыстар) сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/skotabigat?lang=ru> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57В, «СҚО әкімдігінің табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Қосымша ақпаратты 850828@mail.ru электрондық поштасы және 87152502525 телефоны арқылы алуға болады.

«Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы «2025-2026 жылдары МНПП желілік бөлігіндегі ақауларды жөндеу. Қорған МБ (Қазақстан Республикасы) Күрделі жөндеу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің жобасы бойынша, жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін жұртшылыққа хабарлайды. Учаскенің координаттары 54.869094 с.е., 69.218105 ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 25 қараша күні сағат 15:00-де мына мекенжайда өтеді: Петропавл қаласы, Тимирязев көшесі, 25, ЖӨДС кеңсесі. Сондай-ақ конференцияға қатысу үшін мына сілтеме бойынша ZOOM платформасына қосылуға болады: <https://us05web.zoom.us/j/81413496770?pwd=oLahrF0OziVdFhPrIs3cb05dEbYobyF.1>, конференция идентификаторы: 84520498183, кіру коды: 33y9tz.

Жобаға тапсырыс беруші: «Транснефть-Урал» АҚ-ның «Петропавловск» ЖӨДС филиалы (Петропавл қаласы, Тимирязев көшесі, 25, БСН: 970941001988, тел.: 50-90-22).

Жобаны жасаушы: «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» ЖШС (Петропавл қаласы, Горький көшесі, 166, БСН: 110940000580, тел.: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Жобаның материалдары <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> (ашық жиналыстар) сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/skotabigat?lang=ru> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57В, «СҚО әкімдігінің табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Қосымша ақпаратты 850828@mail.ru электрондық поштасы және 87152502525 телефоны арқылы алуға болады.

«Sifrlыq Qazaqstan»

АҚАУДЫ ЛЕЗДЕ АНЫҚТАЙДЫ

Электронды қызметтердің тоқтап қалуы немесе мүлде қолжетімсіз болуы көпшіліктің уақытын алары анық. Енді мұндай жағдайдың алдын алуға жасанды интеллект көмектеседі.

Бүгінгі күні еліміздің мемлекеттік платформаларына «Dynatrace» жүйесі енгізілуде. Бұл жүйе мемлекеттік және қаржы секторындағы серверлердің жұмысын бақылап қана қоймай, ақауларды дер кезінде анықтауға көмектеседі.

«Dynatrace» — әлемде кеңінен қолданылатын цифрлық бақылау жүйесі. Ол серверлер, сайттар және мобильді қосымшалардың жұмысын бақылайды. Платформа жасанды интеллект көмегімен кез келген техникалық ақауды алдын ала байқап, мамандарға хабар жібереді.

Ақылды жүйе мемлекеттік құрылымдарда ғана емес, қазақстандық банктерде де қолданылады. Бүгінде бұл жүйе елдегі ең ірі қаржы ұйымдарының қызметтерінің үздіксіз жұмыс істеуіне көмектесіп отыр. Жалпы алғанда, әлем бойынша төрт мыңнан астам компания осы платформаға электронды қызметтері мен серверлерін сеніп тапсырған.

Назым ЕСІМ,
«Soltıstık Qazaqstan».

Nazaryñyzda bolsyn!

ҚАЙТЫС БОЛУДЫ ТІРКЕУ

Қайтыс болуды тіркеу Қазақстан Республикасындағы азаматтық хал актілерін жазу органдарының негізгі функцияларының бірі болып табылады. Ол адамның қайтыс болу фактісін заңды түрде растау және мұрагерлердің құқықтары мен міндеттерін кейіннен тіркеу, азаматтық құқықтық қатынастарды тоқтату үшін қажет.

Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының аумағындағы кез келген тіркеуші органда жүргізіледі. Ол үшін өлім фактісін растайтын мына құжаттардың бірі болуы қажет:

- 1) медициналық ұйым берген, қайтыс болу туралы белгіленген нысандағы құжат;
- 2) қайтыс болу фактісін белгілеу туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі.

Азаматтық хал актілерінің ақпараттық жүйесінде медициналық ұйым берген қайтыс болу туралы құжат болған кезде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу автоматты түрде жүргізіледі.

Азаматтық хал актілерінің ақпараттық жүйесінде медициналық ұйым берген қайтыс болу туралы құжат болмаған кезде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу мүдделі адамның өтініші бойынша жоғарыда аталған құжаттар беріле отырып жүргізіледі.

Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеуден кейін кейінгі мұрагерлік, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша зейнетақымен қамтамасыз ету, шарттарды бұзу және басқа да заңды рәсімдер үшін бастапқы құжат болып табылатын қайтыс болу туралы хабарлама жасалады.

Бұл хабарламаны «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы алуға болады. Қайтыс болған адамның жақын туыстарына, мұрагерлері тізіміне кіретін басқа адамдарға не қайтыс болған адам қамқорлығында болған азаматтарға, сондай-ақ қайтыс болған адам тұрған немесе жазасын өтеген мемлекеттік ұйымдардың өкілдеріне қайтыс болу туралы куәлік беріледі.

Құжатты Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде пайдалану қажет болған жағдайда жоғарда аталған адамдарға олардың өтініші бойынша кез келген тіркеуші орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі қайтыс болу туралы акт жазбасының негізінде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу туралы қағаз түріндегі куәлікті береді.

Осылайша қайтыс болуды тіркеу — бұл туыстар үшін құқықтық қиындықтарды болдырмайтын және мұрагерлік және өзге де мүлктік құқықтарды заңды тіркеуді қамтамасыз ететін құқықтық және әлеуметтік мәні бар міндетті мемлекеттік рәсім.

Альбина АДИЛОВА,

облыстық әділет департаменті коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы.